



## ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ВАЛЮТА ҚОРЫ



ҚОҒАМДЫҚ КОММУНИКАЦИЯЛАР  
ДЕПАРТАМЕНТІ

ШҰҒЫЛ ШЫҒАРУҒА АРНАЛҒАН  
№ 17/157 баспасөз релизі  
2017 жылғы 9 мамыр

Халықаралық Валюта Қоры  
700 19-ші көше, солтүстік-батыс  
Вашингтон, Колумбия округі, 20431 АҚШ

### **ХВҚ-ның Атқарушы кеңесі IV бапқа сәйкес Қазақстан Республикасымен 2017 жылғы консультацияларды аяқтады**

2017 жылғы жиырма сегізінші сәуірде Халықаралық Валюта Қорының (ХВҚ) Атқарушы кеңесі IV<sup>1</sup> бапқа сәйкес Қазақстан Республикасымен 2017 жылғы консультацияларды аяқтады.

2016 жылғы баяулаудан кейін Қазақстан экономикасының өсуі мұнай өндіруді ұлғайту және бюджетті ынталандыру шаралары шеңберіндегі айтарлықтай шығыстар әсерінің салдарынан биыл 2,5 пайызға дейін ұлғаяды деп күтіледі. 2015 жылдың соңындағы және 2016 жылдың басындағы айырбастау бағамының күрт төмендеуі тұтыну бағаларының едәуір өсуіне әкеп соқты, бірақ қазіргі уақытта инфляция Қазақстан Ұлттық Банкінің нысаналы дәлізіне сәйкес келетін деңгейлерге дейін төмендеді. Орта мерзімді перспективалар жақсарды – экономиканың мұнайға жатпайтын секторындағы өсу қарқыны біртіндеп 4 пайызға дейін көтеріледі деп күтіледі, бұған құрылымдық реформалар мен банктердің кредиттеуді жандандыруы ықпал ететін болады. Соған қарамастан, айтарлықтай белгісіздік сақталады, себебі биржа тауарларының бағалары ауытқыған, әсіресе, мұнай бағасы ұзақ уақыт төмендеген жағдайларда экономика әлі әлсіздік танытады.

Соңғы жылдары экономиканың белсенділігіне көбіне инфрақұрылымның, шағын және орта кәсіпорындардың және тұрғын үй секторының дамуын қаржыландыруды қамтамасыз ететін «Нұрлы Жол» флагмандық мемлекеттік бастамасы арқылы қолдау көрсететін салық-бюджет саясаты жүргізілуде. Бұл қолдау одан әрі ресми органдардың бюджеттік шоғырландыру шараларына байланысты қысқарады. 2016 жылдың соңында ресми органдар Ұлттық қор үшін резервтердің жоғары деңгейін қолдауға және бюджеттің мұнай кірістеріне тәуелділігін азайтуға арналған жаңа негізді және қағидаларды бекітті. Сонымен қатар, инфляциялық таргеттеуге өту шеңберінде Ұлттық Банк (ҚҰБ) өзінің саясаты құралдарының жиынтығын нығайтты және талдамалық әлеуеті мен қоғамдық

<sup>1</sup> ХВҚ Келісім баптарының IV бабына сәйкес мүше мемлекеттермен әдетте жыл сайын екіжақты талқылаулар өтіп тұрады. ХВҚ қызметкерлерінің тобы елге келіп, экономикалық және қаржылық ақпарат жинайды, елдің ресми органдарымен экономикадағы өзгерістерді және экономикалық саясатты талқылайды. ХВҚ штаб-пәтеріне келген соң қызметкерлер Атқарушы кеңес талқылауларының негізін құрайтын баяндаманы дайындайды.

коммуникацияларын жетілдірді. Инфляцияның төмендеуі инфляциялық күтулердің белгіленуімен қатар директивалық мөлшерлемелерді жүйелі түрде төмендетуге мүмкіндік берді.

Қол жеткізілген табыстарға қарамастан, алдағы уақытта әлі осалдықтың маңызды факторларын жою керек. Атап айтқанда, банк секторында кезек күттірмес шешу талап етілетін проблемалар қордаланды, себебі теңгерімдердің әлсіз жай-күйі белгісіздікті туындатады, кредиттеу мен экономикалық өсуге ықпал етеді және мемлекеттік қаржы үшін тәуекелдер туғызуы мүмкін. Құрылымдық кемшіліктер ауқымды негізде бәрі қамтылатын экономикалық өсу үшін алғышарт болып табылатын экономикалық әртараптандыруға кедергі жасайды.

### **Атқарушы кеңестің бағалауы<sup>2</sup>**

Атқарушы директорлар ресми органдардың Қазақстан экономикасының мұнай бағасының төмендеуінің және негізгі сауда-әріптестердің өсуінің баяулауының әсеріне төтеп беретін қарымды шараларына жоғары баға берді. Сонымен бірге директорлар өсу перспективалары биржа тауарлары бағасының ауытқуы және ұзаққа созылған құрылымдық кемшіліктер туындататын осалдық факторларын ұстап тұрғанын атап өтті. Олар саясат шаралары макроэкономикалық саясат негіздерін нығайтуға, қаржы секторындағы проблемаларды жоюға және өсу қарқынын арттыру және әртараптандыру үшін реформалар жүргізуге бағытталу қажет екендігін атап өтті.

Директорлар салық-бюджеттік қолдау экономиканың өсуі баяулаған кезеңде көмектескенімен, жоғары буферлік резервтерге қолдау көрсету, мұнайға жатпайтын тапшылықты қысқарту, ресурстарды ұрпақтар арасында бөлудің әділдігін сақтау және ұзақ мерзімді орнықтылықты қамтамасыз ету үшін қазір бар күшті шоғырландыру қажет екендігімен келісті. Олар Ұлттық қорға қатысты жаңа қағидалардың қабылдануын құптады және түзетулер жүргізу үшін бағдар ретінде пәрменді бюджет негізінің маңыздылығын атап өтті. Директорлар өсу үшін ең аз теріс салдарларға мәліметтер үшін бюджеттік ынталандыруды біртіндеп қысқартуды қолдады. Олар шоғырландыру стратегиясының күрделі және әлеуметтік шығыстар деңгейін сақтау мақсатында мұнайға жатпайтын сектордан салық түсімдерінің ұлғаюына бағытталуға тиіс екендігімен келісті. Директорлар жаңа салық кодексінің бұрмалаушылықтарды азайту және түсімдерді ұлғайту үшін мүмкіндік беретіндігін атап өтті.

Директорлар ақша-кредит саясатын инфляциялық таргеттеу негізіне аударуды қолдады. Олар Қазақстан Ұлттық Банкінің (ҚҰБ) жаңа режимге сенімді нығайтуын жалғастыруға, оның ішінде экономиканың мұнай бағасының күйзелісіне бейімделуде маңызды рөл

---

<sup>2</sup> Талқылау аяқталған кезде директор-басқарушы Кеңестің төрағасы ретінде атқарушы директорлардың пікірлерін қорытындылайды және осы қорытынды елдің ресми органдарына жіберіледі. Қорытындыны шығару туралы құжатта Кеңестің төрағасы пайдаланған кез келген сандық атаудың түсіндірмесі сайтта мына мекенжайда орналастырылған: <http://www.imf.org/external/np/sec/misc/qualifiers.htm>.

алатын айырбастау бағамының икемділігін сақтауға тиіс екендігін атап өтті. Бұдан басқа, ҚРҰБ талдау әлеуетінің және қоғамдық коммуникацияларының деңгейін қосымша арттыруға тиіс. Директорлар ресми органдарды айқын түрде экономикалық өсімді қамтамасыз ету мақсаты көзделген ҚҰБ-ның қосарлы мандатын қабылдаудан сақтандырды. Олар инфляцияның төмен және тұрақты деңгейіне жету жинақтар мен инвестицияларды арттыру арқылы өсімге әсер етеді деп атап өтті.

Директорлар банк секторында осал жағдайларды жою, атап айтқанда қызмет көрсетілмейтін кредиттердің жоғары деңгейін еңсеру бірінші кезектегі міндет болуға тиіс деп атады. Мемлекеттік қолдау қажеттілігін мойындап, олар мемлекеттік қаражат қатаң талаптармен, шығындарды және моральдық тәуекелді шектеу үшін ұсынылуға тиістігін атап өтті. Активтердің сапасын перспективалық, тәуелсіз талдау сектордағы орын алып отырған жағдайларды анықтау және үстеме капиталдандыруда әлеуетті қажеттілікті бағалау үшін қажетті талап болып табылады. Директорлар болашақта осындай мәселелердің қайталануына жол бермеу үшін банктік қадағалау және реттеудің негіздерін одан әрі нығайту бойынша шаралар қолдануға шақырды. Осы тұрғыдан алғанда ФСАП нұсқауларын орындау пайдалы болады.

Директорлар құрылымдық реформаларды өткізу бойынша ресми органдардың алыс болашаққа баратын жоспарларын қолдады және оларды іске асырудың сапасы белгілі бір мәнге ие екендігін атап өтті. Олар экономиканы мұнайға жатпайтын сектордың дамуы бағытында әртараптандыру және жеке сектордың дамуына жәрдем ету үшін кәсіпкерлік қызмет үшін жағдайларды жақсарту, жекешелендіру бағдарламасын сәтті аяқтау, мемлекеттік басқару тиімділігі мен есеп берушілігін арттыру маңызды екендігін айтты. Директорлар қаржы секторының тұтастығын қамтамасыз ету үшін АЖ/ТҚК жүйесінде одан әрі жақсартуды қолдады.

## Қазақстан. Жекелеген экономикалық көрсеткіштер, 2013-2018 жылдар 1/

Халқы (2016 ж.): 17,9 млн.

Квота: 1158,40 млрд

Негізгі экспорт: мұнай

Негізгі экспорттық нарықтар: ЕО, Қытай, Ресей

Халықтың жан басына шаққанда ДЖӨ (2016 ж. АҚШ долл.): 7559

Сауаттылық деңгейі: 99,7 (2010ж.)

Кедейшілік деңгейі: 2,9% (2013ж.)

	2013	2014	2015	2016	2017 (болжам)	2018 (болжам)
<b>Өндіріс көлемі</b>						
Нақты ДЖӨ-нің өсуі (пайызбен)	6,0	4,3	1,2	1,1	2,5	3,4
Нақты мұнай ДЖӨ-нің өсуі	3,2	-1,3	-2,6	-1,2	3,9	6,3
Нақты мұнайға жатпайтын ДЖӨ-нің өсуі	7,0	6,3	2,5	1,8	2,0	2,5
Мұнай және газ конденсаты өндірісі (млн. тонна)	82	81	79	78	81	86
<b>Жұмыспен қамту</b>						
Жұмыссыздық (пайызбен)	5,2	5,0	5,0	5,0	5,0	5,0
<b>Баға</b>						
Инфляция (пайызбен)	4,8	7,4	13,6	8,5	7,3	6,8
<b>Мемлекеттік басқару секторының қаржысы</b>						
Кіріс (пайызбен ДЖӨ)	23,3	23,7	16,6	18,0	19,6	19,8
<i>оның ішінде: мұнайдан кіріс</i>	11,5	11,3	6,6	4,2	6,4	6,6
Шығыстар (пайызбен ДЖӨ)	19,9	21,3	22,9	22,1	25,9	21,8
Бюджет сальдосы (пайызбен ДЖӨ)	4,9	2,4	-6,3	-4,1	-6,3	-2,1
Мұнайды есептемегенде бюджет сальдосы (пайызбен ДЖӨ)	-6,6	-8,9	-12,9	-8,3	-12,7	-8,7
Жалпы мемлекеттік борыш (пайызбен ДЖӨ)	12,6	14,5	21,9	21,1	21,8	22,0
<b>Ақша және кредит</b>						
Ауқымды ақша массасы (пайызбен өзгерістер)	10,2	10,5	34,3	15,7	9,4	10,1
Жеке секторға кредит (пайызбен ДЖӨ)	39,6	37,9	45,8	41,1	37,5	36,8
ҚҰБ-ның директивалық мөлшерлемесі (пайызбен, кезең соңы)	5,5	5,5	16,0	12,0	...	...
<b>Төлем балансы</b>						
Ағымдағы операциялар шоты (пайызбен ДЖӨ)	0,5	2,8	-2,8	-6,4	-4,3	-3,1
Таза шетелдік тікелей инвестициялар (пайызбен ДЖӨ)	-3,4	-2,1	-1,7	-10,8	-5,8	-5,3
ҚҰБ-ның резервтері (келесі жылғы тауарлар мен қызмет импс)	5,2	7,7	8,6	7,8	8,5	9,2
ҚРҰҚ-ның активтері (келесі жылғы тауарлар мен қызмет импс)	14,9	19,3	19,6	15,9	15,2	15,3
Сыртқы борыш (пайызбен ДЖӨ)	63,4	71,2	83,2	122,5	106,9	98,9
<b>Айырбастау бағамы</b>						
Айырбастау бағамы (өткен жылмен салыстырғанда пайыздық өзгеруі, теңгенің АҚШ долларына, кезең соңында)	2,2	18,7	86,2	-1,8	...	...

Дереккөзі: Қазақстанның ресми органдары және ХВҚ қызметкерінің бағасы мен болжамдары.

1/Бюджеттік шоттар 2017 жылы банк секторын 4 пайыздық ДЖӨ мөлшерінде мемлекеттік қолдауды бағалауды қамтиды